



"Алтын дән - 2019" және Жалагаш ауданының 80 жылдық мерейтойына орай Жалагаш аудандық К.Казантаев атындағы мәдениет үйінде «Тарихы терен, енбегі ерен - Жалагаш» атты республикалық акындар айтысы өтті.

Акындар айтысын ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, акын Жүрсін Ерман жүргізді.

Айтыстың алғы сөзін алған аудан әкімі Қайратбек Өубәкірұлы:

- Бүгін, міне, халқымыздың бай мәдени мұрасын сандығында сақтап, ұрпағына ұлықтаған Сыр өңірінің Жалагаш жері айтыс өнерін өмірім деп білген айтулы акындардың басын қосып отыр. Елімнің жетістігін, дәннен тау тұрғызған еңбеккерлерді, туган жеріміздің гүлденуіне сүбелі үлес қосқан қайраткерлерді жырлаймын деп келген айтыс акындарынан суырыпсалма өнердің күдіретін, қорқам ойдың кереметін күтеміз, – дей келе, жыр жампоздарына сәттілік тіледі.

Айтысқа Нұр-Сұлтан, Атырау, Орал, Шымкент қалаларынан және Түркістан, Алматы, Қызылорда облыстарынан 10 айтыскер қатысты.

Айтысқа акын, сазгер, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Елена Әбдіхалықова, акын, журналист, публицист, "Ана тілі" газетінің бас редакторы Жанарбек Әшімжан, айтыскер акын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бауыржан Қалиолла, акын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Шалқар» радиосының директоры, республикалық «Шабыт» жастар фестивалінің лауреаты, «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жүлдегері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Қалқаман Сарин, акын, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, облыстық Сыр бойы газетінің аға тілшісі Газиза Әбілда төрелік жасады.

Сайыс нәтижесінде Шалқарбай Ізбасаров ІІІ орын, Айдос Рахметов ІІ орын, Талғат Мыки І орын, Мұхтар Ниязов бас жүлдені иеленді.

Женімпаздарға және барлық қатысушыларға аудан әкімінің Дипломдары және қаржылай сыйлықтар табысталды.

Жалағаш ауданы әкімінің баспасөз қызметі